

"Қазақстан жастары" бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 17 ақпан N 249.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы туралы" 1999 жылғы 28 тамыздағы N 73 N990073 _ өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан жастары" бағдарламасы (бұдан әрі -

Бағдарлама) бекітілсін.

2. Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті бақылау мен үйлестіру Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 17 ақпандағы
N 249 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан жастары
Бағдарламасы
ПАСПОРТ

Бағдарламаның атауы "Қазақстан жастары" бағдарламасы
Өзірлеуге негіздеме Қазақстан Республикасы Президентінің
"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
жастар саясатының тұжырымдамасы туралы"
1999 жылғы 28 тамыздағы
N 73 өкімі

N990073_

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл
бағдарламасын іске асыру жөніндегі
іс-шаралардың жоспары туралы" Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7
наурыздағы N 367

P000367_

қаулысымен

бекітілген Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған
іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі
іс-шаралардың жоспарының 4.5.1.4-тармағы.
"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
жастар саясаты тұжырымдамасын жүзеге асыру
жөніндегі 2000 жылға арналған іс-шаралар
жоспары туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2000 жылғы 1 наурыздағы
N 336

P000336_

қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
жастар саясаты тұжырымдамасын жүзеге асыру
жөніндегі 2000 жылға арналған іс-шаралар
жоспарының 23-тармағы.

Қысқаша мазмұны Бағдарлама Қазақстан Республикасы
мемлекеттік жастар саясатының негізгі
бағыттары бойынша іс-шаралар кешенін
қамтиды.

Бағдарламаның іске асырылу мерзімі 2001-2002 жылдар

КІРІСПЕ

"Қазақстан жастары" республикалық бағдарламасы "Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі
іс-шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7

наурыздағы N 367 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарының 4.5.1.4-тармағына, "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасын жүзеге асыру жөніндегі 2000 жылға арналған іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 1 наурыздағы N 336 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасын жүзеге асыру жөніндегі 2000 жылға арналған іс-шаралар жоспарының 23-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік жастар саясаты дамуының 2001-2002 жылдарға арналған негізгі бағыттарын айқындайды.

Бағдарламаны әзірлеу мен оны дайындауға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарына енгізу Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы туралы" 1999 жылғы 28 тамыздағы N 73 өкімі қабылдануына байланысты бастама жасалды.

ПРОБЛЕМАНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖАСТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметі бойынша 1999 жылғы халық санағы кезінде тіркелгендер саны 14 953 100 адам болды. 15 пен 29 жас аралығындағы азаматтардың жалпы саны - 3 787 700 адам немесе халықтың жалпы санының 25,7 пайызы.

Жас қазақстандықтардың жалпы саны 1989 және 1999 жылдар арасында 470 600 адамға кеміген.

Статистикалық мәліметтер жас буынның белсенді урбанизациялануы мен маргинализациялануы процестеріне, тұрғындардың ауылдық жерден көшуіне байланысты өзекті проблемалардың бар екендігін және туындау ықтималдығын көрсетіп отыр. Мысалы, қалалық жерде тұратын жастардың жалпы саны 2 112 500 адамды, ауыл жастары 1 685 100 адамды құрайды.

1997 мен 1999 жылдар аралығында ауыл жастарының саны 158 мың адамға азайды (1 843 489 адамнан 1 685 100 адамға дейін).

Демографиялық статистиканы талдау ел тұрғындарымен салыстырғанда жастар құрылымында айырмашылықтар бар екендігін көрсетеді. Егер тұрғындардың жалпы құрылымында ер адамдардан әйел адамдар саны басым

болса, ал 15 пен 29 жас аралығындағы тұрғындардың жыныс құрамы ер адамдар санының басымдығын көрсетеді (1-кесте).

1-кесте. Жас тұрғындардың жыныстық бөлінісі
(жыл басында, мың адам)

Жас топтары	Ер	Әйел
0-14 жас	2184,7	2089,4
15-29 жас	1901,2	1886,4

Жыныстық сипатқа сай сақталып отырған туу динамикасына қарап, түрлі жыныстар арасында жуық арада тепе-теңдік орнайтындығын айтуға болады.

1995 пен 1999 жылдар аралығында елдегі туудың ортақ коэффициенті 25,8 пайызға төмендеді.

Туудың айтарлықтай төмендеуі 25-тен 29-ға дейінгі жастағылар арасында 1996 жылдан бері байқалған.

Осы тұрғыда жастардың өз ішіндегі демографиялық даму болжамы тұрғындардың туу-көбеюі проблемасының одан әрі шиеленісе түсуі мүмкін екендігін көрсетеді.

Қолайсыз демографиялық ахуал мен өлім-жітімнің жалпы коэффициентінің өсуіне байланысты айқындалған үрдістер жастар арасында да даму үстінде.

Жас азаматтар өлімінің негізгі себептері ішінде жұқпалы және паразиттік сырқаттар, қан айналымы жүйесі аурулары аталып отыр.

Жастар арасындағы өлім-жітімнің өсуіне әлеуметтік сипаттағы жағдайлар (бақытсыз жағдайлар, кісі өлтіру мен суицид, улану, жарақаттар мен туа бітті дерттер) көрсеткіші де қоммақты.

Елдегі демографиялық ахуалдың бірден-бір басты көрсеткіші неке-отбасылық қатынастар болып табылады.

1999 жылғы жағдай бойынша жастар арасында 64001 адам тіркеліп, некеде тұрған.

Некеге тұрудың неғұрлым жоғары белсенділігі орта буындағы жастар топтарында байқалады. Неке қатынастарының "есею" үрдісі аңғарылады.

Неке мен ажырасу туралы ресми статистиканың мәліметтері бойынша соңғы жылдары отбасылық қатынастардың ресми тіркелуі барынша азайған. Егер 1989 жылы 165 400 неке тіркелсе, 1999 жылы бұл көрсеткіш 64001-ді құраған.

Некені бұзудың басым саны жасы 30-ға дейінгі бірінші некеде тұрған ерлер мен әйелдер арасында - 7230 ажырасу (салыстыру үшін - 30 жастан жоғары ерлі-зайыптылар арасында ажырасу саны - 3688).

Жастар үшін іс жүзіндегі әрі ықтимал көші-қой мәселесі өзекті болып қалып отыр. Бұл процестің республика үшін айтарлықтай әлеуметтік және экономикалық салдары болуы мүмкін.

1999 жылдың соңына қарай ішкі көші-қонға қатысушылар саны - 15-тен 29-ға дейінгі жастағыларда 66479 адам, яғни аталған процестерге тартылғандардың 34,1 пайызы болған.

Ішкі көші-қонға бәрінен бұрын ауыл жастары тартылған. Олардың негізгі тобы үлкен қалаларға бағыт алған. Статистика мәліметтері 1999 жылы қалалық жерге қоныс аударған жастар саны 29978 адамды құраған.

1999 жыл аяғына шейін ішкі көші-қонға 15 пен 29 жас аралығындағы 61891 бозбала мен бойжеткен тартылған. Олардың басым бөлігі - 49329 адам Қазақстаннан шет жерлерге кеткен. Кеткен жастардың жалпы пайыздық саны 25,1 пайыз.

Көші-қон салдарларының, оның сақталуы мен жандануының мейлінше теріс әрі жіті айқындалған сұлбасы бар. Республика тіпті таяу болашақта жоғары білікті еңбек ресурстарынан айырылу проблемасына тап болуы мүмкін. Әдетте, кетіп жатқандар қазіргі жағдай аса қажет ететін ғылымдар мамандары, кәсіп иелері.

2. БІЛІМ АЛУ

Қазіргі қазақстандық жастар алдында сапалы білім алу мәселесі өткір тұр.

Қазақстан жастарының кәсіби-оқу процесін бүгінгі күні 722 оқу орны жүзеге асырып отыр.

1995 пен 2000 жылдар кезеңіндегі салыстырмалы өзгеріс жоғары оқу орындарының (бұдан әрі - ЖОО) 51-ге көбейгендігін көрсетеді. Соңғы бір жылдың өзінде олардың саны 19 бірлікке көбейді. ЖОО-да оқып жатқандар саны қазіргі уақытта 99535 адамдық ұрайды.

ЖОО санының көбеюі көп жағдайда мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының көбеюі есебінен болып жатыр.

Осыған байланысты негізгі бағыты білім беру кеңістігіндегі нақты сұлбаларды айқындайтын мемлекеттік оқу стандарттарын одан әрі енгізу проблемасы туындайды.

Статистика мәліметтері жоғары білімі бар бітірушілердің саны анағұрлым өскендігіне дәлел. Соңғы оқу жылында Қазақстанның жоғары білім инфрақұрылымы жоғары білімді 55445 маманды даярлап шығарды. 1998/1999 бен 1999/2000 жылдар аралығында олардың саны 3675 адамға өсті.

Колледждер саны 2000 жылы 274 бірлікті құрады. Маман түлектер саны 1999/2000

жылдары 51913 адам болды. Бесжылдық өзгерістер динамикасы арнайы кәсіби орта білімі бар мамандар санының кемігенін көрсетеді (9510-ға).

Мұндай кему еңбек рыногындағы сапалық құрамның деңгейіне айтарлықтай ықпал етуі мүмкін. Бүгінгі таңдағы көптеген шаруашылық салалары (мейрамхана мен қонақ үй ісі, қызмет көрсету саласы, автомобиль жөндеу және т.б.) қызметіне қарай жоғары білікті мамандарға (жоғары білімді) зәру емес, әйткенмен белгілі бір кәсіби тәжірибені керек етеді. Ондай қызметкерлерді колледждер даярлайды. Сонымен бірге тиісті техникалық білімі бар түлектердің азаюы өнеркәсіп өндірісіндегі еңбекпен қамту саласына да барынша өз әсерін тигізіп отыр.

Сонымен бір мезгілде, кәсіби мектептердің саны күрт азайды. Бес жыл ішінде 146 объект қысқартуға түсті де, қазіргі уақытта олардың саны 304 кәсіби мектепті құрайды. Егер соңғы жылда жоғары оқу орындары мен колледждерде бітірушілер санының біршама өскендігі байқалса, кәсіби мектептерде ондайлар саны тұрақты әрі үздіксіз азаю үстінде (1996 жылғы 79017-ден 2000 жылғы 41527-ге дейін).

Көрсетілген проблемалар, әсіресе өнеркәсіп өндірісі үшін мамандар даярлау қалыптасқан жағдайды тұрақтандыратын бірқатар шараларды қабылдауды талап етеді. Бірінші кезекте орта мектеп оқушыларын кәсіби оқытуды аймақтық еңбек рыногының ерекшеліктеріне қарай бағдарлау қажет. Сондай-ақ

кәсіби мектептер мен колледждердің шағын және орта бизнесті қолдау орталықтарымен, Кәсіпкерлер мен өнеркәсіпшілер одақтары қауымдастықтарымен, Қазақстан фермерлерінің ұлттық федерациясымен және өзге де экономикалық құрылымдармен байланысын дамытып, тереңдете түсу қажет.

* Мемлекеттік емес ЖОО-лар санынсыз

3. ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының деңгейін айқындайтын негізгі фактор еңбек саласы болып табылады. Халық шаруашылығы салаларында жалданып жұмыс істейтіндердің жалпы санына шаққанда жастар соңғы орында тұрған жоқ.

2-кесте. 16-29 жастағы жалданып (ақы төленетін) жұмыс істейтінде санының бөлінуі

Барлығы ! 1995 ! 1996 ! 1997 ! 1998

!-----!-----!-----!-----

!Жалданып жұмыс !Жалданып жұмыс !Жалданып жұмыс !Жалданып жұмыс
! істейтіндер ! істейтіндер ! істейтіндер ! істейтіндер

! саны ! саны ! саны ! саны

!-----!-----!-----!-----

Экономика !Абсолют.!Жалпы !Абсолют.!Жалпы !Абсолют.!Жалпы !Абсолют.!Жалпы
салалары !тік саны!санына!тік саны!санына!тік саны!санына!тік саны!санына

бойынша ! !шақ. ! !шақ. ! !шақ. ! !шақ.

! !қанда.! !қанда.! !қанда.! !қанда.

! !ҒЫ % ! !ҒЫ % ! !ҒЫ % ! !ҒЫ %

1148953 23,7 952295 23,2 793641 23,4 698793 24,2

Жалданып жұмыс істейтіндер саны статистикалық көрсеткішінің салыстырмалы өсімі халық шаруашылығында жастар үлесінің төмендеп келе жатқандығын көрсетеді. 1995 жылы олардың саны 1148953 адам болса, 1998 жылы 698793 адам болған. Үш жылда жас жұмысшылар саны 450160-қа дейін төмендеген.

Экономика салаларындағы жастар санының бөлінуі олардың қандай салаларда басым екендігіне дәлел: қонақ үйлер мен мейрамханалар, қаржы қызметі, балық аулау, балық шаруашылығы, мемлекеттік басқару, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер.

Жастар санының мүлде жаңа салаларда да тұрақты өсіп отырғандығын да айта кеткен дұрыс: ақпараттық-есептік қызмет, жылжымайтын мүліктер операциясы, рыноктың өмір сүруін қамтамасыз ететін жалпы коммерциялық қызметтер.

Сонымен бір мезгілде, өнеркәсіптік салаларда жұмыс істейтін жастар үлесінің күрт түсуі де қауіп туғызады.

Бұл үрдіс өнеркәсіп салаларындағы еңбек ресурстарының егделенуінің процестерін тудаты мүмкін.

Сонымен қатар, статистика мәліметтерін талдау жастардың өзгерген әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен нарық экономикасы талаптарына анағұрлым бейімделгенін көрсетеді.

Экономиканы құрылымдық жағынан қайта құру жағдайында жұмысқа сәтті орналасудың айқындаушы факторларының біріне айналған қызмет сипатының өзгеруіне жастардың бейімделуге қабілеттілігі аға буынмен салыстырғанда оларға көп басымдық беріп отыр.

Еңбек рыногындағы қатаң бәсекелестік жағдайында жастарды жұмыссыздық проблемасы ұдайы аландатуда. Бұл туралы статистиканың ресми мәліметтері көрнекі түрде айғақтауда. Қазақстан Республикасында тіркелген жұмыссыздар саны 1999 жылдың аяғында 251381 адамды немесе тұрғындардың экономикалық жағынан

белсенді бөлігінің 3,9 пайызын құрады. Оның ішінде жастар 72679 адамды немесе 28,9 п а й ы з д ы қ ұ р а й д ы .

Жастар арасындағы жұмыссыздық көрсеткіштері жөнінен Қызылорда алда болып отыр (4187 адам немесе облыс бойынша тіркелген жұмыссыздардың 42,3 пайызы), Атырау (4387 адам немесе 33,1 пайыз), Маңғыстау (6681 адам немесе 36,8 пайыз), Жамбыл (3154 адам немесе 32,5 пайыз), Шығыс Қазақстан (11130 адам немесе 31,1 пайыз), Оңтүстік Қазақстан (5606 адам немесе 29,9 пайыз), Қарағанды (5726 адам н е м е с е 2 9 , 6 п а й ы з) .

2000 жылдың 1 жарты жылдығында 16 мен 29 жас аралығындағы 67,6 мың жас азамат (1999 жылғы осы кезеңде - 52,0 мың адам) жұмыспен қамту органдарына жұмысқа орналасу мәселесі бойынша өтініш білдірген.

Жұмыссыздардың жалпы санындағы жастар үлесі 1999 жылғы 27,7 пайыздан 31,5 пайызға артқан және көбею үрдісі бар. Ауылдық жерде 21,1 мың жұмыссыз жас тіркелген, ол жалпы жұмыссыз жастардың 31,2 пайызын құрайды.

Оқу орындарын бітірушілерді жұмысқа орналастыруды реттейтін тетіктің болмауы себепті, әсіресе, 17 мен 22 жас аралығындағы адамдар үшін жұмыс мәселесі өзекті.

Негізінен жұмыссыздар қатарын практикалық және кәсіби жұмыс тәжірибесі шамалы жастар толықтыруда. Мысалы, жұмыс тәжірибесі 1 жылдан 5 жылға дейінгі жұмыссыз жастар 22,3 %-ды құраса, 5 жылдан 10 жылға дейінгілер - 22,6 %, 10 жылдан ж о ғ а р ы л а р 1 0 , 4 % қ ұ р а й д ы .

Жұмыспен қамту қызметтерінің көмегімен өтініш білдірген жастар арасынан 17,7 мыңы (1999 жылғы осы кезеңде - 10,5 мыңы) жұмысқа орналастырылған. Жастарды жұмысқа орналастыру деңгейі 26,2 %-ды көрсетіп отыр, бұл республика бойынша тұтас алғандағы көрсеткіштен 0,5 % төмен.

Еңбек рыногындағы әлеуметтік шиеленісті төмендетудің маңызды бағыты халықтың нашар қорғалған бөлігіне арналған жұмыс орындарын, ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды квоталау болып табылады. Республика бойынша 5572 ұйымда 20,9 мың жұмыс орны құрылған. Квоталық жұмыс орындарына 3,5 мың жұмыссыз жас орналастырылған (квотамен орналастырылғандардың 33,5 %-ы).

Жұмыссыз жастарды әлеуметтік қолдаудың тағы бір белсенді нысаны кәсіби дайындық, қайта даярлау мен жұмыссыз жастардың біліктілігін арттыру болып табылады. 2000 жылдың 1 жарты жылдығында жұмыспен қамту қызметтерінің көмегімен 2,3 мың жұмыссыз жас оқу мен қайта даярлаудан өтті.

4. ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ

Республикалық әлеуметтік сауалнама қорытындылары бойынша жас жігіттер мен қыздардың 13,8 %-ы ғана өз құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін заңдарды біледі. Қайта ересек жастағы жастар топтары өз хабардарлығының мұнан 2

есе жоғары екендігін көрсетті. Білім деңгейі жоғарылаған сайын заңдарды білу деңгейі де жоғары (2,9 пайыз толық емес орта білімдіден 22,7 пайыз жоғары білімдіге дейін).

Бүгінгі таңда жастар арасында қылмыстылықтың өсуі қоғам тұрақтылығы мен жеке адам қауіпсіздігіне неғұрлым қауіпті болып отыр.

Қылмыстылықтың жасаруы, оның топтық сипатының күшеюі тәрізді қолайсыз үрдіс орын алуда. 1999 жылы сот белгілеген жазалаудың негізгі түрлері бойынша сотталғандардың ішінде (66311 адам) кәмелетке толмағандар 4542 адамды құрайды немесе сотталғандардың жалпы санының 6,8%-ы. Үстіміздегі жылдың 9 айында жасөспірімдер 5604 қылмыс жасаған, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 5,7% көп.

Кәмелетке толмағандар арасында қылмыстық ахуалдың өршуі көбінесе тұрғылықты жерінде жасөспірімдермен жұмыс істеудің азаюы, тегін спорт секцияларының, үйірмелердің жоқтығы, ата-аналардың материалдық жағдайының нашарлауы, тұрмысы төмен отбасылар санының көбеюі, қаңғыбастықтың таралуына байланысты. Сондай-ақ наркологтардың, психологтардың, психиатрлардың жасөспірімдер кабинеттері санының қысқаруы, тегін және құпия кеңестер мен ем қабылдау мүмкіндігінің жоқтығы да себеп.

Республикада нашамен (2000 жылы 5786 бірлік), маскүнемдікпен байланысты қылмыстың өсу ағымы сақталып отыр.

5. ЖАСТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

Жастардың қоғамдық және азаматтық белсенділігі жастардың қоғамдық бірлестіктерінің, құқық қорғау ұйымдарының және мамандық пен мүдделілік бірлестіктерінің қоғамдық-саяси жұмысына қатысуға ұмтылысынан көрінеді.

Әйтсе де, жастар ұйымдарының көбеюі үрдісі болғанымен, олар әлі де бұқаралық сипат ала қойған жоқ. Әзірге 30-дан астам жастар ұйымдарын біріктірген, Заңды тұлғалар қауымдастығы болып табылатын "Қазақстанның болашағы үшін" жастар қозғалысы ғана біршама танымал.

2000 жылдың басына Қазақстан Республикасында 150-ге жуық жастар мен балалар бірлестіктері тіркелген, оның 6-ы республикалық мәртебеге ие.

Жастар бірлестіктері қызмет түріне қарай ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси және мәдени-ағартушылық болып бөлінеді. Жастардың қоғамдық құрылымдарының негізгі бөлігі қызметінің басты мақсаттары жастардың әлеуметтік, мәдени және экономикалық мүдделерін қорғау, жастардың демалысын ұйымдастыру, салауатты өмір салтын насихаттау, адамның адамгершілігі мен дене саулығын жетілдіру, студенттік қозғалыстарға көмектесу, талантты, дарынды жастарды іздеп табу және қолдау, жастардың бастамаларын қолдау, жас буынды ағартушылық және ғылыми бағдарламалар арқылы қолдау, жастарға экологиялық тәрбие беру болып табылады.

Тіркелген жастар қоғамдық құрылымдарының басым үлесін негізгі мақсаттары мен

міндеттері жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруды, қолданыстағы заңдарға сай жастардың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғау жөнінде ақпараттық көмек беру болып табылатын бірлестіктер құрайды.

Жастардың қоғамдық ұйымдары акциялар, қайырымдылық шараларын, концерттер, пікірталастар, ғылыми-практикалық конференциялар және семинарлар, марафондар өткізуді алға қойған мақсаттарды іске асырудың негізгі нысандары мен тәсілдері р е т і н д е қ о л д а н а д ы .

Жастар мен жастар бірлестіктерінің жағдайы мен мәртебесі олардың өкілдіктерінің билік органдарында белгілі бір шамада болуымен де сипатталады.

Жалпы алғанда, билік жүйесінде жүргізілген реформалар кезінде жастар жас депутаттарды сайлауға бөлінетін квоталар болған 80-жылдармен салыстырғанда өз позицияларын нығайта алмады, қайта іс жүзінде қолда барынан айырылды. Жоғарыда айтылғандай, өкілетті органдардағы жастар өкілдері көп емес. Мұндай көрініс биліктің орталық атқарушы органдарында да байқалады.

Сонымен қоса, іс жүзінде мемлекеттік билік органдары мен жастардың қоғамдық ұйымдары арасындағы әріптестік іс-қимылдың құқықтық негізі де жоқ. Республика заңдарында балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктерінің мәртебесі мен олардың өзара іс-қимыл жасауының тетігі де қарастырылмаған.

Сонымен бірге, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктерімен ынтымақтастық пен оларды балалар мен жастардың өзекті проблемаларын шешуге тарту - ең шығыны аз әрі неғұрлым тиімді жол. Әріптестік қатынастар жағдайында осындай бірлестіктер шеңберінде жас адамның әлеуметтенуі мен тұлға ретінде қалыптасуына оңтайлы жағдайлар жасалады.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Бағдарламаның мақсаты мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық тетіктерін жасау болып табылады. Осы тұрғыда келесі міндеттердің шешілуі қарастырылады:

1. Жастар бойында патриотизмді қалыптастыру, жастарды адамгершілік сипатта және рухани дамыту.
2. Жастарды еңбек, білім және денсаулық қорғау саласындағы әлеуметтік құқықтарымен қамтамасыз ету.
3. Жастардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін өздері іске асыруына жағдай жасау.
4. Жастардың интеллектуалдық және дене тәрбиесінің дамуына жағдай жасау.
5. Оңды қоғамдық жастар бастамаларын қолдау мен дамыту.

6. Қазақстандық жастарды халықаралық мәдени, экономикалық, ғылыми және білім алу процестеріне тарту.

БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН ТЕТІГІ

Бағдарламаны іске асыру мынадай негізгі бағыттар бойынша кезеңдік және үйлестірушілік іс-қимылдарды көздейді:

1. Жастар бойында қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мен дамыту.
2. Жастарды өмірлік тіршіліктің аса маңызды салалары туралы ақпаратпен қамтамасыз ету.
3. Білім және ғылым жүйесін жетілдіру.
4. Еңбек және жұмыспен қамту саласында жастардың дербес, тиімді қызметіне жағдай жасау.
5. Жастармен әлеуметтік жұмыс.
6. Жас таланттарды жетілдіру мен қолдау.
7. Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және бұқаралық спортты дамыту.
8. Балалар мен жастар қоғамдық бірлестіктерінің қызметіне жағдай жасау.
9. Халықаралық жастар ынтымақтастығын дамыту.
10. Мемлекеттік жастар саясатының нормативтік құқықтық базасын дамыту.
11. Мемлекеттік жастар саясатын аймақтық дамыту.

Бағдарлама мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігін арттыруға, жастармен жұмыс істеудің нысандары мен тәсілдерін одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Бағдарламаны іске асыру тетігі мемлекеттік органдар мен қоғамдық жастар бірлестіктерінің үйлескен іс-қимылын көздейді.

ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

Бағдарламаны қаржыландырудың негізгі көздері болып бағдарламаның тиісті әкімшілеріне республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде, халықаралық ұйымдардың гранттары, барлық меншік нысанындағы ұйымдардың өз қаражаттары айқындалған.

БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

"Қазақстан жастары" бағдарламасын іске асыру жастар жағдайының жақсаруына,

жас азаматтарды елдің әлеуметтік-экономикалық өміріне белсенді тартуға, балалар, жасөспірімдер мен жастар денсаулығының жақсаруына ықпал етеді. Осы бағдарламаны іске асыру балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктері қызметін дамытудан, азамат ретінде қалыптасу кезеңінде әлеуметтік қорғалуы үшін қажетті ақпаратпен қамтылуына байланысты өзекті мәселелердің шешілуінен, жұмысқа орналасудан, жеке шығармашылықты өз

бетімен іске асыруынан, сондай-ақ жастар арасындағы құқық бұзушылық пен нашақорлықтың таралуының алдын алудан көрінетін болады.

Бұл бағдарлама мемлекеттік жастар саясатын іске асырудағы жүйелік құрылымды қалыптастыруды және одан әрі дамытуды көздейді.

"Қазақстан жастары" Бағдарламасын іске асыру
жөніндегі іс-шаралар жоспары

ЕСКЕРТУ. Жоспар өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы
3 шілдедегі N 718

P020718_

қаулысымен.

N р/с ! Іс-шара ! Іске асырылу ! Орындалуына ! Орындалу
! ! нысаны ! жауаптылар ! мерзімі

1. Қазақстандық жастардың азаматтығы мен патриотизмін дамыту

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5

1.1. Қазақстан Республикасы. Қазақстан ҚорМ 2001 жылдың
ның Қарулы Күштерінде Республикасы мамыры
Жастар бастамалары Үкіметіне
орталығын құру ақпарат

1.2. "Патриот" республикалық Бұйрық ҚорМ, МАКМ 2001 жылдың
шарасын өткізу мамыры

1.3. "Жас ұлан" 5-бүкіләскер. Бұйрық ҚорМ 2001 жылдың
лік сарбаз әндері желтоқсаны

- фестивалін өткізу
- 1.4. Әскер жасына дейінгі Қазақстан ҚорМ, МАКМ 2001-2002
және әскердегі жастарға Республикасы жж.
патриоттық тәрбие Үкіметіне желтоқсаны
беруді күшейту жөнінде ақпарат
шаралар қабылдау
- 1.5. Оқу орындарында "Ерлік Бұйрық БҒМ, ҚорМ 2001-2002
сабақтарын" өткізу жылдар
- 1.6. "Қазақстан сарбазы" Қазақстан ҚорМ, МАКМ 2001-2002
газетінде және басқа да Республикасы жж.
бұқаралық ақпарат Үкіметіне желтоқсаны
құралдарында әскердегі есеп
жастар проблемаларына
арналған тұрақты
айдарлар ашу
- 1.7. Жастар бастамалары Бұйрық ҚорМ, МАКМ 2001 жылдың
орталықтары желтоқсаны
жетекшілерінің
Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінде
жастарға патриоттық
тәрбие беру және қызмет
ету мәселелері бойынша
бүкіләскерлік жиналысын
өткізу

2. Жастарды ақпаратпен қамтамасыз ету

1 2 3 4 5

- 2.1. Мемлекеттік тапсырыс Қазақстан МАКМ 2001-2002 жж.
ауқымында бұқаралық Республикасы желтоқсаны
ақпарат құралдарында Үкіметіне есеп
жастар тақырыбына
арналған тұрақты
айдарлар, телерадио

- хабарларын ашу
- 2.2. Жастардың проблемалық мәселелері бойынша баспасөз мәслихаттарын, тақырыптық дөңгелек үстелдер, семинарлар, конференциялар өткізу
- Бұйрықтар
МАКМ,
2001-2002
облыстардың, жылдар
Астана мен
Алматы
қалаларының
әкімдері
- 2.3. "Қазақстан жастары" интернет-сайтын жасау туралы мәселені қарау ақпарат
- Қазақстан Республикасы Үкіметіне
- МАКМ, ККМ
2001 жылдың
наурызы

3. Білім және ғылым

- | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|------|--|---|---|--------------------------|
| 3.1. | Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарының кешенді бағдарламасын іске асыру | Қазақстан Республикасы Үкіметіне | БҒМ | 2001-2002 жж. желтоқсаны |
| 3.2. | Балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуы мен жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | БҒМ | 2001-2002 жылдар |
| 3.3. | Республикалық конкурстар, байқаулар, олимпиадалар ұйымдастыру | Бұйрықтар | БҒМ | 2001-2002 жылдар |
| 3.4. | Жастар проблемалары бойынша республикалық, аймақтық ғылыми-практикалық конференциялар және семинарлар өткізу | Бұйрықтар | МАКМ, БҒМ, | 2001-2002 жылдар |
| | | әкімдері | облыстардың,
Астана мен
Алматы
қалаларының | |
| 3.5. | Жастардың жағдайы | Бұйрық | МАКМ | 2002 жылдың |

туралы мемлекеттік
баяндама дайындап, басып
шығару

желтоқсаны

- 3.6. Жастар саясатының түрлі Бұйрықтар МАКМ, БҒМ 2001-2002
қырлары бойынша ғылыми жылдар
еңбектер жинақтарын
басып шығару

4. Еңбек және жұмыспен қамту саласында жағдай жасау

1 2 3 4 5

- 4.1. Алматы бизнес-инкубатор. Шешім Облыстардың, 2001 жылдың
ының тәжірибесі негізін. Астана мен наурызы
де бизнес-инкубаторларда Алматы
жұмыссыздар қатарындағы қалаларының
жастарға кәсіпкерлік әкімдері
қызмет негіздерін
оқытуды ұйымдастыру
- 4.2. Жұмыссыздар қатарындағы Қазақстан ЕХҚМ, 2001-2002 жж.
жастарды, соның ішінде Республикасы облыстардың, желтоқсаны
халықтың әлеуметтік Үкіметіне Астана мен
қорғалмаған қабаттарына есеп Алматы
арналған квота есебінен қалаларының
жастарды жұмысқа әкімдері
орналастыруға талдау
жүргізу
- 4.3. Жұмыссыз жастар үшін Қазақстан Облыстардың, 2001-2002 жж.
бос жұмыс орындары Республикасы Астана мен желтоқсаны
жәрмеңкесін өткізу Үкіметіне Алматы
есеп қалаларының
әкімдері
- 4.4. Жұмыссыздар қатарындағы Қазақстан Облыстардың, 2001-2002 жж.
жастарды қоғамдық Республикасы Астана мен желтоқсаны
жұмыстарға қатысуға Үкіметіне Алматы
тарту ақпарат қалаларының
әкімдері
- 4.5. Мемлекеттік тапсырыс Қазақстан БҒМ 2001-2002

ауқымында жоғары оқу Республикасы жылдар
орнын бітірушілерді Үкіметіне
жұмысқа орналастыру ақпарат
жөніндегі маркетинг
қызметі желісін дамыту

4.6. ҚР Қарулы Күштерінен Қазақстан ҚорМ 2001 жыл
запасқа шыққан жастарды Республикасы
жұмысқа орналастыру және Үкіметіне
білім беру орталығын құру ақпарат
туралы мәселені қарау

5. Жастармен әлеуметтік жұмыс

5.1. Жасөспірімдер мен жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

5.1.1. Жергілікті атқарушы Қазақстан ИМ, БҒМ, 2001 жылдың
органдар жанындағы Республикасы МАКМ наурызы
Кәмелетке толмағандар Үкіметінің
істері жөніндегі қаулысы
комиссия туралы үлгі
ереже жасау

5.1.2. Тәрбиелік ықпал ету Бірлескен БҒМ, ИМ, 2002 жылдың
мәжбүрлеу шаралары бұйрық ДСА маусымы
қолданылуына байланысты
қылмыстық жауапкершілік.
тен босатылған кәмелетке
толмағандарға арналған
арнайы тәрбиелік және
емдеу-тәрбиелеу
мекемелерінің қызметін
ұйымдастыру туралы ереже
жобасын жасау

5.1.3. Кәмелетке толмағандар Қазақстан Облыстардың, 2001-2002 жж.
арасында құқық Республикасы Астана мен желтоқсаны
бұзушылықтың әлеуметтік Үкіметіне Алматы

алдын алуға ықпал ететін ақпарат қалаларының
тұрғылықты жерлерде әкімдері,
мектептен тыс ұйымдар, БҒМ
демалыс орталықтары
желісін дамыту

5.2. Жасөспірімдер мен жастар арасында нашақорлықтың таралуының алдын алу

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

5.2.1. Мыналарды жасау және Бұйрықтар БҒМ, НЕКК, 2001-2002
енгізу: ДСА, МАКМ, жылдар
- зиянды заттарды жастар
пайдалануға қарсы қоғамдық
мектеп бағдарламасы; бірлестіктері
- жасөспірімдер мен (келісім
жастар арасындағы бойынша)
зиянды әдеттердің алдын
алуға байланысты
іс-шаралар

5.2.2. Кәмелетке толмағандар Бұйрықтар БҒМ, ДСА, 2001 жылдың
мен жастарға, ата- МАКМ қыркүйегі
аналарға, педагогтарға
және әлеуметтік
қызметкерлерге арналған
әдістемелік және оқу-
танымдық әдебиеттер
жасау мен басып шығару

5.2.3. Жасөспірімдер мен Бұйрықтар МАКМ, БҒМ, 2001-2002
жастар арасындағы НЕКК жылдар
нашақорлықтың алдын
алу және емдеу жөнінде
семинарлар өткізу

6. Жас таланттарды жетілдіру мен қолдау

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

6.1. "Шабыт" шығармашыл Бұйрық Астана 2001-2002 жж.

- жастардың республикалық конкурсын өткізу қаласының қыркүйегі әкімі, МАКМ
- 6.2. Жоғары және орта кәсіби оқу орындары арасында "Көңілділер мен тапқырлар клубы" республикалық чемпионатын өткізу Бұйрық БҒМ, МАКМ 2001-2002 жылдар
- 6.3. "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын беруді жүргізу мен беру Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы МАКМ 2002 жылдың желтоқсаны
- 6.4. I Республикалық студент жастар фестивалін өткізу Бұйрық БҒМ, МАКМ 2001 жылдың қыркүйегі

7. Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, бұқаралық спортты дамыту

1 2 3 4 5

- 7.1. Жоғары оқу орындарында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының "Денсаулық университет. тері" пилоттық жобасын жасау және енгізу Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп ДСА, БҒМ 2001 жылдың желтоқсаны
- 7.2. Орта білім беру мекемелерінде нығайту және салауатты өмір салтын қалыптастыру пилоттық бағдарламасын жасау мен енгізу Қазақстан Республикасы Үкіметіне есеп қалаларының әкімдері, ДСА, БҒМ Облыстардың, Астана мен Алматы 2001 жылдың желтоқсаны
- 7.3. Балалар, жасөспірімдер мен жастар арасында дене тәрбиесі мен спорт құралдары арқылы салауатты өмір салты қағидаттарын насихаттау Қазақстан Республикасы Үкіметіне Алматы ақпарат қалаларының әкімдері, ТурСА, МАКМ, БҒМ Облыстардың, Астана мен Алматы 2001-2002 жж. желтоқсаны

- 7.4. Студент және оқушы жастар арасында қалалық, облыстық, республикалық спартакиадалар, универсиадалар өткізу Бұйрық БҒМ, ТурСА, 2001-2002 облыстардың, жылдар Астана мен Алматы қалаларының әкімдері
- 7.5. Балалар мен жасөспірімдердің спорттық мектептері, жасөспірімдер клубтары желісін дамыту Шешімдер, бұйрықтар Астана мен Алматы қалаларының әкімдері, ТурСА, БҒМ Облыстардың, 2001-2002 жылдар
- 7.6. Белді спортшылар мен жастардың қатысуымен "Спорт пен есірткі сыйыспайды", "Спортшылар нашакорлық пен қылмысқа қарсы" бұқаралық шараларын өткізу Шешімдер Астана мен Алматы қалаларының әкімдері, Салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі ұлттық орталық (келісім бойынша) Облыстардың, 2001-2002 жылдар

8. Балалар мен жастар қоғамдық бірлестіктерінің қызметіне жағдай жасау

1 2 3 4 5

- 8.1. Жастар қоғамдық бірлестіктері арасында әлеуметтік маңызы бар жастар жобалары мен бағдарламаларының конкурстарын өткізу Бұйрық, шешімдер МАКМ, 2001-2002 облыстардың, жылдар Астана мен Алматы қалаларының әкімдері
-

9. Халықаралық жастар ынтымақтастығын дамыту

1	2	3	4	5
9.1.	Халықаралық жастар алмасу республикалық бюросын құру туралы мәселені қарау	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ақпарат	МАКМ, СІМ	2001 жылдың наурызы
9.2.	Жастар саясаты саласындағы Мемлекет аралық келісімдер ауқымында халықаралық жастар ынтымақтастығын дамыту жөнінде іс-шараларды жүзеге асыру	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ақпарат	МАКМ	2001 жылдың желтоқсаны
9.3.	Жастар саясатын заңдық қамтамасыз ету саласында халықаралық тәжірибені зерделеу	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ақпарат	МАКМ, СІМ	2001 жылдың желтоқсаны

10. Мемлекеттік жастар саясатының заңдық және нормативтік құқықтық негізін жетілдіру

1	2	3	4	5
10.1.	"Жастар туралы" Заң жобасын әзірлеу жөнінде ұсыныс енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ақпарат	МАКМ, БҒМ, ЕХҚМ, ДСА, ТурСА	2001 жылдың желтоқсаны
10.2.	Қазақстан Республикасы Үкіметі, республикалық кәсіподақтар бірлестіктері мен республикалық жұмыс берушілер бірлестіктерінің Бас келісіміне жастардың құқықтары мен	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ақпарат	ЕХҚМ	2001-2002 жылдар

мүдделерін қорғау туралы
бөлімді қосу туралы
ұсыныс енгізу

11. Мемлекеттік жастар саясатын аймақтық дамыту

1 2 3 4 5

11.1. Аймақтық жастар Шешімдер Облыстардың, 2001 жылдың
бағдарламаларын жасау Астана мен қаңтары

Алматы
қалаларының
әкімдері

11.2. Аймақтық жастар Қазақстан Облыстардың, 2001 және
бағдарламаларын іске Республикасы Астана мен 2002 жылдар
асыруды қамтамасыз ету Үкіметіне Алматы

есеп қалаларының
әкімдері

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.